

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы кедейлікті азайту жөніндегі серіктестік туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 шілдедегі N 739 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкінің арасындағы кедейлікті азайту жөніндегі серіктестік туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Александр Сергеевич Павловқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы кедейлікті азайту жөніндегі серіктестік туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі**

**мен**

**Азия Даму Банкі**

**арасындағы**

**Кедейлікті азайту жөніндегі**

**серіктестік туралы**

**Келісім**

### **I. Кіріспе**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Кедейлікті азайту жөніндегі серіктестік туралы келісім (КАК) Қазақстандағы кедейлікті азайту жөніндегі олардың бірлескен түсінуін білдіреді. Бұл Келісім ҚР Үкіметінің 26.03.2003 ж. N 296 Қаулысымен бекітілген Кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы және Үкіметтің басқа да бағдарламалық құжаттары үшін негіз болған кедейлікті бағалау жөніндегі талдау деректеріне <sup>1</sup> негізделген. Кедейлікті азайту жөніндегі мақсаттар мен стратегиялық бағыттар Қазақстанның 2030

жылға дейінгі даму стратегиясында және Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында көрініс тапқан. Мақсаттар мен стратегиялық бағыттар АДБ Тынық мұхит өңіріндегі кедейлікпен күрес: Кедейлікті азайту стратегиясы (1999) және АДБ ұзақ мерзімді стратегиялық шеңберлер құжатына сәйкес келеді. КАК кедейлікті азайту жөніндегі ұзақ мерзімді мақсаттарды айқындайды және қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге кедейлікті азайту жөніндегі басты стратегияны нақтылайды. Келісім Қазақстан үшін АДБ Елдік стратегия мен бағдарламасын (ЕСБ) қалыптастыру үшін шеңбер ретінде қызмет етеді.

## **II. Қалыптасқан жағдайды талдау**

2. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің әсері өмір деңгейі мен қазақстандықтардың әл-ауқатына болжағандай емес біраз маңызды және күрделірек болды. Өндірістің тез және жалғасқан құлдырауы, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, нақты жалақының төмендеуі және оны төлеуді кешіктіру, сондай-ақ мемлекеттік шығыстардың төмендеуі 1990 жылдары тәуелсіздік алғаннан кейін айына бір адамға 2861 теңгедегі Үкімет белгіленген күнкөріс мөлшерінің 1996 жылы 34,6%-тен, айына бір адамға 3716 теңге мөлшерінде күнкөрістің ең төменгі мөлшері бойынша - 1998 жылы 39%-ке дейін кедейлік деңгейін арттыруға алып келді. <sup>2</sup> Экономикалық байланыстардың бұзылуымен бірге, негізгі әлеуметтік қызмет көрсетулерге, әсіресе кедей және халықтың әлеуметтік осал топтарына қол жеткізуді кеміткен әлеуметтік салаға мемлекеттік шығыстардың төмендеуі байқалды. <sup>3</sup>

3. 1999-2001 жылы тұрақтандырушы макроэкономика кезеңінде кедейлер үлесінің 1999 жылы 34,5%-тен 2001 жылы 28,44-ке дейін азайтумен болған жылына орташа 8,7%-те экономикалық өсудің қарқындарына қол жеткізе отырып қалпына келтіріле бастады. <sup>4</sup> Алайда кедейлер үлесінің азаю қарқыны экономикалық өсу қарқынынан қалып қойды. <sup>5</sup> Кедейлік қалалық жерлерге қарағанда (2001 жылы 20%) ауылдық жерлерде неғұрлым айқын көріністе қалуын жалғастыруда (2001 жылы кедейлер үлесі 38,5% құрады). Экологиялық қолайсыз жердегі белгіленген кедейлікті жою <sup>6</sup> су мен ауа ластануының және жердің деградация/шөлденуінің ұлғаймалы деңгейімен кешенді проблема болып қалуын жалғастыруда. Қазақстандағы кедейліктің басқа елдік шегі болып жағдайы жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен, көшіп кетумен, кедейлердің жоғары үлесімен және негізгі қызмет көрсетулерге қол жеткізудің кемуімен сипатталатын шағын қалалардың болуы <sup>7</sup> табылады.

4. 1999-2001 жылдар үшін әлеуметтік көрсеткіштер бойынша әртүрлі нәтижелер де байқалды. Орташа өмір мен өлім ұзақтығының көрсеткіштері жақсарды. Жалпы орта білімге жалпылама қол жеткізімділік бар, бұл орайда, білімнің бастапқы және орта буындағы гендерлік теңдігіне өтпелі кезең басталғанға дейін (А-қосымшасы) қол

жеткізілген болатын. Алайда, жоғары табыста көрініс беретін салаларда, жан басына шаққанда табысы неғұрлым төмен елдердегі жағдаймен салыстыратын нашарлау үрдісі байқалатын ауылдық салалар бөлігіндегі әлеуметтік көрсеткіштер бойынша тең емес болып қалуда. Ауылдық жерлердегі және шеткергі аудандардағы білім беру қызмет көрсетуі ауылдық мектептердің ресурстармен материалдық және техникалық нашар қамтамасыз етілуіне байланысты неғұрлым аз қол жеткізіледі және белгіленген стандарттардан төмен сапасы бар. Медициналық ұйымдар қызмет көрсетулеріне және денсаулық сақтау қызмет көрсетулеріне, әсіресе, бастапқы медициналық көмек қызмет көрсетулеріне қол жеткізілімдігінің жағдайы қалалық орталықтарға қарағанда ауылдық жерлер мен шеткергі аудандарда азырақ қолайлы. Денсаулық жағдайына әсер ету өмірлік маңызды инфрақұрылымға, атап айтқанда, суда, жылу құрылғыларына және жол желісіне шектелген қол жеткізуді көрсетеді.

5. Үкімет экономикалық өсудің жоғарғы қарқындарына қол жеткізу шарасы бойынша кедейліктің көп аспектілі проблемаларын шешу қажеттілігін түсінеді. Үкімет соңғы жылдары мемлекеттік сектордың бюджеттік ресурстарын жақсартуға байланысты кедейлердің пайдасына тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға белсенді жұмыс істейді. Экономикалық өсудің жалпы стратегиясына кедейлікті төмендету проблемасын бағытталған енгізу үшін саяси және институциональдық реформалар жүргізілді.<sup>8</sup> Мұнай және өңдеуші секторлардан экономиканың тәуелділігін азайту үшін және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған құрылымдық өзгерістер басталды.<sup>9</sup> Кедейлік проблемасын шешу үшін нақты шаралар қабылданған болатын<sup>10</sup>, әзірлеу процесінде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне мемлекеттік шығыстардың деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жатыр.<sup>11</sup>

6. Халықаралық көмек қауымдастығы кедейлікті азайту жөніндегі Үкіметтің бастамашылық жүргізуіне оң қарады. Дүние жүзілік банк, БҰҰДБ және АДБ үйлестіру және нақтылау бағытында жұмыс істей отырып, Үкіметке қалыптастыру процесінде негізгі мүдделі тараптар қатысқан Кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған ұлттық стратегияны әзірлеуге техникалық көмек көрсетті. Халықаралық қауымдастықтан серіктестер тарапынан олардың тәжірибесі мен сараптық бағалау бөлігінде тиісті салыстырмалы артықшылықтарын ескере отырып, кедейлікті азайту саласында олардың стратегиялық көмегін негізге алып бағытталған қадамдар жасалды.

<sup>12</sup> Үкімет тарапынан сыртқы қаржыландырудың төмендейтін қажеттілігі кезінде халықаралық көмек қауымдастығы техникалық көмек үшін инвестициялаудың инновациялық шараларын әзірлеу және стратегиялық саласын айқындау жолдарын з е р т т е й д і .

7. Үкімет те, халықаралық көмек қауымдастығы да кедейлікті азайту жөніндегі мәселелер шеңбері зор болып қалатынын түсінеді. Бастапқы білім беруге қатысты прогресс пен Мыңжылдық баспалдағында даму саласындағы БҰҰ мақсатында (МДМ)

белгіленген гендерлік мәселелерді шешумен байланысты мақсатқа қол жеткізу бойынша кіріс деңгейі, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау проблемасын шешуде неғұрлым белсенді шараларды қабылдау қажет (А-қосымшасы). Кедейлікті тұрақты азайтуға қол жеткізуде басты проблема болып мұнайдан басқа, әсіресе ауылдық жерлердегі негізінен тар өндірістік базамен байланысты шектелген экономикалық мүмкіндіктер мен жұмыс орындарын алудың мүмкіндігі табылады. Жағдай қоршаған орта сапасының нашарлауымен және ескірген тиісті инфрақұрылыммен күрделенеді. Шешуді талап ететін кедейлікті азайтудың басқа проблемалары мынадай: (i) жеке сектордың қызметі, атап айтқанда, шағын және орта бизнес (ШОБ) кәсіпорындарының қызметі үшін одан әрі жетілдіру (ii) базалық әлеуметтік қызметтер, атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек қызмет көрсетулерін беру мен көрсетуге әсер ететін құрылымдық мәселелерді шешу қажеттілігі; және (iv) кедейлікті азайту жөніндегі іс-шараларды тиімді және мақсатты іске асыру үшін ұлттық және жергілікті деңгейдегі атқарушы билік дамуының төменгі басқару әлеуеті мен нашар басшылық.

### **III. Ұзақ мерзімді мақсат және стратегия (2003-2015 жылдар)**

8. Үкімет кедейлікті азайтуды ұзақ мерзімді мақсат ретінде айқындады. МДМ мақсаттарына сәйкес негізгі мақсаттар болып кедейлердің үлесін 2001 жылы 28,4%-тен 2015 жылы 7%-ке дейін азайту және өте кедейлікті жою табылады. Осы мақсатты қолдауда дамудың басты мақсаттары болып 2015 жылға дейінгі мынадай міндеттер болып табылады: (i) 2002 жылдың деңгейімен салыстырғанда жас балалар өлімі 15%-ке азаяды; (ii) аналар өлімінің деңгейі 2002 жылдың деңгейімен салыстырғанда 50%-ке төмендейді; (iii) туберкулезбен ауру тоқтатылатын және таралуы ұстап қалынатын болады; (iv) ВИЧ/СПИД тоқтатылатын және таралуы ұстап қалынатын болады; (v) барлық халықтың ауыз суға толық қол жеткізуі қамтамасыз етілетін болады; және (vii) Арал өңірінің проблемалары шешілетін және табиғат ресурстарын үнемсіз пайдалануды болдырмайтын қоршаған ортаны қорғау стратегиясы іске асырылатын болады. В қосымшасы Үкіметтің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелері б о й ы н ш а М Д М - ғ а ж а т а д ы .

9. Осы ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін Кедейлікті азайту жөніндегі Үкіметтің Стратегиясы үш жақты тәсілге негізделеді: бірінші, кедейлердің пайдасына күшейтілген бағытталған және экологиялық тұрақты экономикалық өсу; екінші, адам ресурстарының дамуы; және үшінші, ұлттық және жергілікті деңгейдегі тиімді және мақсатты мемлекеттік басқару. <sup>13</sup>

10. АДБ Қазақстандағы кедейлікті азайту жөніндегі Үкіметтің мақсатын қолдайды және ол 2015 жылға дейін қойған дамудың ұзақ мерзімді мақсаты мен міндеттеріне қол

жеткізуде белсенді жәрдем көрсететін болады. Осы Келісім ұзақ мерзімді міндеттерге қол жеткізуде Үкімет пен АДБ күш-жігерін біріктіру үшін шек болып қызмет етеді. ЕСБ бірқатар қысқа, орта және ұзақ мерзімді міндеттерді кедейлікті азайту жөніндегі іс-шараларды енгізу бойынша жұмыс басшылығын білдіретін болады. ЕСБ экономикалық және салалық жұмысты жүргізуді, кедейлік жағдайына әсер ететін саясат пен институциональдық реформаларға қатысты Үкіметпен диалогты орнатуды, физикалық және институциональдық әлеуеттің дамуын және кедейлік проблемасының шешімін дұрыс шешу үшін жобаларды әзірлеуді қамтитын кедейлікті азайту үшін қол сұғушылық шараларының бағытын айқындайтын болады.

#### **IV. Орта мерзімді стратегия (2003-2010 жылдар)**

11. Орта мерзімді болашақта кедейлікті азайту жөніндегі бірлескен стратегия үш басты аспектілерге негізделетін болады: (i) мұнайдан басқа, жеке сектор жылжытатын (a) <sup>14</sup> экономиканың өндірістік секторларының бәсекелестік қабілетін арттыру және әртараптандыру үшін жағдай жасау, (b) халықтың кедей және әлеуметтік осал топтары үшін кіріс пен жұмыс орындарын алу мүмкіндігін ынталандырады және (c) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, атап айтқанда, су және жер ресурстарына қатысты тұрақты шараларды қамтамасыз етеді; (ii) инфрақұрылымды құру мен жақсарту және қызмет көрсетуді беру арқылы адам дамуын; және (iii) кедейлікті азайту жөніндегі стратегияны мақсатты және тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін ақылға қонымды басқаруды қамтамасыз етеді және даму процесінде азаматтық қоғамның қатысуын ұлғайтады. АДБ кедей және экологиялық қолайсыз облыстардағы кедейлікті азайтуға көп салалы және тұтастырылған тәсілдерді айқындау үшін Үкіметпен жұмыс істейтін болады.

12. Кедейлердің пайдасына экономикалық өсуге қол жеткізуге бағытталған Үкімет пен АДБ-ның күш-жігері өндіріс секторларының көлденең және тігінен байланыстарды ең барынша күшейтуге, жұмыспен қамтуды ұлғайтуға, облыс елшілік және облыс аралық деңгейдегі қала-ауыл қатынасына бірлескен күш-жігерді күшейтуге және ішкі және сыртқы сауданы дамытуға жәрдемдесетін болады. Біздің диалог және қажеттілік кезінде әсер ету шаралары мынадай бағыттарға негізделетін болады:

(i) географиялық жеделділік пен еңбекті қайта біліктіліктен өткізуді ұлғайтуға жеке секторды ынталандыратын барлық салаларға қолданылатын шаралар инвестицияларды салу мен бизнесті жүргізу кезінде кәсіпкерлерді қиындыққа ұшыратпайтын регулятивтік және әкімшілік рәсімдерін қоса, ауылдық та, қалалық та жердегі жеке секторды дамыту үшін қолайлы жағдайды жасауды ұлғайтатын саяси, регулятивтік және институциональдық реформалар; су секторындағы кешенді реформа; операциялық шығындарды кемітетін сауда және тарифтік саясат және нарықтық айырбас, сондай-ақ бәсекелестік ортаға ену және бәсекелестікті ынталандыру үшін кедергілерді жою; одан кейінгі жекешелендіру бағдарламасы және шағын қалаларға

әсер ететін нашар кәсіпорындарды қайта құрылымдау; корпоративтік басқару, сондай-ақ экономикалық өсудің артуымен байланысты іріктемелі тура және жанама капитал салулар бойынша іс-шаралар;

(ii) фермерлік және ауыл шаруашылығы қызметтерінің рыногындағы бәсекелестік қабілетін құру және ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы емес секторлардағы ауыл экономикасын әртараптандыру. Бұл шаралар мынадай аспектілерді қамтиды: (a) ішкі және халықаралық рыноктарға фермерлік және ауылдық кәсіпорындардың қол жеткізуін жақсарту; (b) ауыл инфрақұрылымын дамыту; (c) фермерлік технологиясын жетілдіру, жеке секторда неғұрлым кеңірек тартуды көздейтін қызмет көрсетулерді зерттеу мен ұлғайту; (d) жергілікті деңгейде салалық реформаларды тереңдету және (e) жергілікті жерлерде және ұлттық деңгейде атқарушы биліктің әлеуетін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен ауылды дамытуда әрекет етуші өндірушілер қауымдастықтары мен қоғамдастықтардың әлеуетін құру;

(iii) Мыналар арқылы шағын қалалардағы экономикалық қызметтің өмір сүретін түрлерін дамытуға жәрдемдесу: (a) қаржы және бизнес дамыту жөніндегі қызмет көрсетулерді қоса инфрақұрылымның дамуын қолдау, сондай-ақ басқару, бухгалтерлік есеп, қаржы және бизнесті жүргізу мәселелері бойынша ШОБ өкілдері мен жергілікті атқарушы билікті кәсіби оқыту; және (b) ШОБ және формальдық емес сектор кәсіпорындары үшін қол жетімді ғылыми зерттеулер мен технологияларды дамыту;

(iii) Автожол көлігінің секторын дамытуға қолдау көрсету, ол қазіргі инфрақұрылымның жағдайын жақсартады және қолдайды, көліктің әртүрлі түрлерінің өзара іс-қимыл жобаларын дамытуды қолдау көрсету және көліктің бәсекелестік қабілеті бар рыногын құру арқылы көліктік қызмет көрсету саласындағы жетілдіру процесін жеңілдетеді;

(iv) Мыналар арқылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды іске асыру: қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат пен заңнаманы қолдау жөніндегі бастамашылықты жүргізу; салалық министрліктер мен жергілікті билік қызметкерлері арасындағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларға қатысты әлеуетін күшейту; ауылдық және қалалық даму саясатын, жоспарлары мен бағдарламаларын, су сапасы, жердің нашарлауы, сондай-ақ өнеркәсіптік және қалалық ластанулардың мәселелері бойынша басты табиғат қорғау проблемаларын шешетін жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу кезінде қоршаған орта проблемасының ықпалдасуын ынталандыру; сондай-ақ физикалық инфрақұрылымды салу және қалпына келтіру барысында экологиялық мәселелерді шешуде ықпалдасу; және

(v) Сауда саясатын үйлестіру арқылы өңірлік сауда байланыстарын жетілдіру арқылы неғұрлым тығыз өңірлік экономикалық байланыстарды қамтамасыз ету және бірлесіп пайдаланылатын ресурстарды өңірлік басқаруды күшейту.

13. Үкімет пен АДБ халықтың кедей және әлеуметтік осал топтарына адам капиталдарының дамуына бірлескен инвестициялаудың мүмкіндігі ескерілетін болады,

о л м ы н а ғ а н м ү м к і н д і к б е р е д і :

(i) бастапқы және жалпы орта білімнің қызмет көрсетулеріне қол жеткізуді жақсартады және жалпы қатысушылықты және орта мектепті бітіргендердің, әсіресе ауылдық жерлердегілердің процентін арттырады;

(ii) (a) халықаралық талаптарға сәйкес келетін білім беру стандарттарын қолдауға және диверсификацияланған, өнімді және бәсекелестік қабілетті экономиканың дамуына одан кейінгі білім беру секторында реформа жүргізу; (b) рыноктың талаптарына сәйкес келетін және ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың әлеуетті салымын пайдаланатын кәсіби-техникалық білімге кедейлердің және халықтың әлеуметтік-осал топтарының қол жеткізімділігін жақсарту;

және (c) қоғамның мектептік оқытуға қатысты бастамашылықты дамытуға қатысу;

(iii) Қауіпсіз ауыз суға және кәріз, денсаулық сақтау мен білім беру қызмет көрсетулеріне және әлеуметтік қорғау, әсіресе ауылдық жерлердегі бағдарламаларына қол жеткізушілік пен жариялылығын арттыру;

(iv) әлеуметтік салаға мемлекеттік және жеке инвестицияларды ұлғайту; және

(v) әлеуметтік қамтамасыз ету және жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік қызмет көрсетулерін беру бойынша мемлекеттік шығыстарды басқаруын жақсарту.

14. Ақылға қонымды басқару кедейлікті азайту жөніндегі шараларды тиімді және мақсатты іске асырудың кілті болып табылады. Ақылға қонымды басқаруды орындау мақсатында Үкімет пен АДБ тарапынан қолдау мынадай аспектілерде көрінетін болады :

(i) ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ететін әкімшілік рәсімдерді реттеудің шешімдерін қабылдау мен ережелерді әзірлеудің әкімшілік рәсімдерін реттеу сияқты жергілікті және орталық билікпен өзара қарым-қатынасты және бизнес ортамен қатынасты жақсартатын институциональдық және регулятивтік реформалар, жергілікті билік жұмысының регулятивтік көрсеткіштерін жетілдіру және мониторингін жүргізу, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі бизнес саласындағы заңдық келіспеушіліктерді тиімді ш е ш у д і ж ү р г і з у ;

(ii) Мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша өкілеттіктерді тиімді бөлуді қамтамасыз ете отырып, салалық бағдарламаларды дайындау мен іске асыру кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар тарапынан неғұрлым тиімді басқару үшін заңнама нормаларын жетілдіру және әлеуметтік қызмет көрсетулерді тиімді және мақсатты қамтамасыз ету және беру мақсатымен бюджетаралық қарым-қатынастарды ж а қ с а р т у ;

(iii) Кедейлікті азайту жөніндегі шаралардың орындалуының есептілігін, ашықтығын және тиімділігін және мақсатты қолданылуын арттыратын дамумен басқаруға қатысты биліктің жергілікті және орталық деңгейлерінде атқарушы органдар ө к і л д е р і н і ң ә л е у е т і н қ ұ р у ;

(iv) кедейлікті азайту жөніндегі мониторинг процесін және шараларды бағалауды

жоспарлауда, шешімдері қабылдауда және жүргізуде азаматтық қоғамның қатысуын институтизациялау; және (v) Кедейлікті азайту жөніндегі стратегияны тиімді іске асыру үшін басқару реформасын жүргізу прогресінің мониторингін жүргізу және бағалау кезінде кедейлер мен әлеуметтік осал топтардың әлеуметтік капиталын құруда үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін дамыту.

15. Кедейлердің пайдасына стратегия және экологиялық тұрақты экономикалық өсу, адам дамуы және сәйкесті басқару кедейлердің пайдасына бағытталған экономикалық өсуге қол жеткізу үшін шараларды іске асыруға әйелдердің қатысуын арттырады және кедейлікті азайту жөніндегі шаралардың санына гендерлік мәселелердің шешімін ықпалдасуға көмектеседі.

## **V. Қысқа мерзімді стратегия (2003-2005 жылдар)**

16. Жақын болашақта Үкімет ауылды көркейту және ауыл инфрақұрылымын қалпына келтіру мен салуға жоғары басымдық беріледі. Адам дамуына негізделетін акцент жалпы орта білім беруге жалпылай қол жеткізу мүмкіндігін қолдауды жалғастыруға және білім беру сапасын жақсартуға көмектеседі. Басқару реформалары сыбайлас жемқорлықпен күреске, даму дағдыларын күшейтуге және кедейлер мен халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік қызмет көрсетуді мақсатты беру мен көрсетуді жетілдіруде көрінетін болады.

17. Қысқа мерзімді болашақта кедейлікті азайту жөніндегі АДБ мен Үкімет серіктестігінің стратегиялық акценті мынадай салаларда қойылатын болады:

(i) жеке сектор қозғау салатын және кедейлердің пайдасына бағытталған экономикалық өсуді жеңілдететін саяси диалог, экономикалық жұмыс, инвестициялар мен техникалық көмек арқылы экономикалық әртараптандыруға жәрдемдесу және ауылдың бәсекелестік қабілеті мен әртараптандыруын ұлғайтуға алып келеді. Бұл шаралар ауылды дамытуды жоспарлау және биліктің жергілікті деңгейлерінде инвестицияларды бағдарламалау, МСБ дамыту, жолдарды, ауылдық қаржы институттарын, су инфрақұрылымын, қаржы секторына жеке сектордың инвестицияларын және капитал рыногын, сондай-ақ жекелеген аудандарда бизнесті жүргізу кезінде жоғарғы операциялық шығындардың проблемаларын шешетін саяси, әкімшілік және институциональдық реформаларды қалпына келтіру мен дамыту бағдарламасы бойынша техникалық көмек арқылы іске асырылатын болады;

(ii) әлеуметтік қызметті беру мен көрсетуде Үкіметтің және биліктің жергілікті органдары жұмысының тиімділігін арттыратын сумен жабдықтау құрылысына кедей халықтың беруін ұлғайту және қол жеткізілуі арқылы және техникалық көмек арқылы а д а м д а м у ы н ы ң а р т у ы ;

(iii) кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламаны іске асыруда биліктің ұлттық және жергілікті органдарының әлеуетін



күшейту үшін техникалық көмек арқылы мемлекеттік секторды басқаруды жетілдіру;

(iv) Үкімет қабылдайтын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың мәселелері бойынша консультативтік және өңірлік техникалық көмекті көрсету арқылы экологиялық тұрақты даму жөніндегі шараларды қолдауы. Су ресурстарын басқаруда қолдау көрсету осы нақты өңірде жағдайды жақсартуға көмектеседі, сондай-ақ кедейлердің пайдасына бағытталған шара болып табылады; және

(v) Шетелмен сауда ағымдарын ұлғайтатын өңірлік ынтымақтастықты дамыту өзендер бассейнін тұтастырылған басқаруға және қаржы секторын өңірлік дамытуға жәрдемдесетін болады, сондай-ақ туризм мен дене инфрақұрылымының (жолдар мен газ құбырлары) дамуын күшейтеді.

18. АДБ халықаралық көмек қауымдастығымен бірге кедейлікті азайту жөніндегі тиімді тәсілдер бойынша диалог жүргізу арқылы Үкіметті тұрақты тартатын және кедейлікті азайту жөніндегі инвестициялық тәсілдерді үлгілік байқап көру үшін негіз болатын заемдық емес инвестициялар бойынша модельдерді ұсынатын болады және олардың табыстылығы жағдайында заем ретінде инвестицияларды беру және білім тәжірибесін беру үшін негіз бола алады.

## **VI. Мониторинг және бағалау**

19. Үкімет Қазақстан Республикасындағы 2003-2005 жылдарға арналған кедейлікті азайту жөніндегі бағдарламасында кедейлікті азайту жөніндегі мониторинг процесі үшін негіз ретінде орындаудың 17 индикаторларын айқындады. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде мониторинг пен бағалау процесін бақылау үшін тұрмыс деңгейін талдау бөлімі құрылды. Осы қатынаста АДБ-нің консультативтік техникалық көмегі Үкіметке олар түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу, сондай-ақ азаматтық қоғамның қатысуымен мемлекеттік саясатты әзірлейтін органдармен кері байланыстың тетігін орнату үшін қажетті шығыс және түпкілікті деректерді енгізетін индикаторларды нақтылауға көмектеседі. Осы қызметтің нәтижелері кедейліктің индикаторларын растау және жетілдіру тәсілі ретінде КАК бірінші жыл сайынғы шолу барысында бағаланатын болады.

20. В-қосымшасы МДМ-ға қол жеткізу жөніндегі Үкіметтің міндеттемелерін қозғайды. Осы мақсатты ескере отырып, КАК бойынша Үкімет пен АДБ-ның міндеттемелерін орындауға қызмет ететін бірқатар арнайы мақсаттар, индикаторлар мен шаралар әзірленді. Азаматтық қоғам мен халықаралық қауымдастық өкілдерімен талқылау кезінде екі тарап та осы мақсаттарға қол жеткізуде прогрестің жыл сайынғы шолуын өткізетін болады. Қажеттілік кезінде міндеттемелер мен индикаторларға түзетулер енгізілетін болады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгеріс пен толықтыру осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамаларды ресімдеу

ж о л ы м е н е н г і з і л е т і н б о л а д ы .

21. Үкімет пен АДБ осы келісімді іске асыру нәтижелері туралы есепті жыл сайын ж а р и я л а й т ы н б о л а д ы .

22. Осы Келісім қол қою күнінен бастап күшіне енеді және 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін жарамды болады.

Астана қаласында 2003 жылдың 24 шілдесінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, әрқайсысы екі данада жасалған, атап айтқанда барлық бөліктердің бірдей заңдық күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Азия Даму  
Үкіметі Банкі

---

<sup>1</sup> Дүниежүзілік банк, БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) және АДБ Үкіметке кедейлікті бағалауда жәрдем көрсетті. АДБ кедейлікті бағалау; қала-кәсіпорындар бойынша зерттеу жүргізу; екі облыс үшін даму жоспарын әзірлеу; және қолданыстың кең саласын және негізгі мүдделі тараптардың қолдауы бар кедейлікті азайту жөніндегі кешенді орта мерзімді стратегияны дайындау жөніндегі зерттеу жүргізу үшін 830 мың АҚШ доллары көлемінде Үкіметке техникалық көмек (ТП 3550-KAZ: Кедейлікті азайту жөніндегі кешенді орта мерзімді стратегияны дайындау) көрсетті.

<sup>2</sup> Күнкөрістің ең төменгі мөлшері азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар себетінің бірлігі құны негізінде есептелетін тұтыну себетінің ең аз құнына тең. Осы өнімдердің құрамы Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі жыл сайын өткізетін Үй шаруашылығының бюджетін зерттеу бойынша деректер негізінде алынған. 2,1\$ көлеміндегі халықаралық кедейлік деңгейімен салыстырғанда (1996 жылғы Сатып алу қабілеттерінің теңдігі құжатына сәйкес) ұлттық ең төменгі күнкөріс мөлшері күніне бір адамға шамамен 4,70\$ құрайды. 2,15\$ мөлшеріндегі кедейлік деңгейін пайдалана отырып, 1996 жылы кедейлік деңгейі 5,7% құрады, Еуропа елдеріндегі (Латвия мен Украина) табыстың орташа деңгейімен өтпелі экономика ш а р т т а р ы м е н с а л ы с т ы р м а л ы .

<sup>3</sup> Әлеуметтік осал топтар балаларды, көп балалы отбасыларды; ұзақ уақыт ішіндегі жұмыссыздарды; мектеп пен жұмыстан тыс жастарды; жалғыз ілікті қарт адамдарды; мүгедектерді; және маргинальдық топтарды, оның ішінде үйсіздерді, бұрынғы қамалғандар мен босқындарды қамтиды (Қазақстан Республикасындағы 2003-2005 жылдарға арналған кедейлікті азайту жөніндегі салалық бағдарлама).

<sup>4</sup> 2001 жылы күнкөрістің ең мөлшерінің мәні айына бір адамға 4596 теңге құрады. Үкімет "кедейлік деңгейінен" күн көрістің ең аз мөлшерін айырады, өйткені соңғысы да заңнамамен реттеледі және жыл сайын Парламент күн көрістің ең аз мөлшерінен кесімді проценттік ставка ретінде айқындалады. 2001 жылы кедейлік деңгейі күн

көрістің ең аз мөлшерінен 38% құрады немесе орташа алғанда айына бір адамға 1746 теңгеге тең болды. Осы Келісім бойынша кедейлік деңгейі күн көрістің ең аз мөлшерінің шеңберімен өлшенеді.

<sup>5</sup> Экономикалық өсу мен кедейліктің төмендеуі арасындағы бұл әлсіз өзара байланыс экономикалық өсудің көздері (негізінен мұнай және өңдеуші салалар) кедейлердің көп бөлігіне пайда беретін жеткілікті кең базасының болмағанын көрсетті. Бұдан басқа экономикалық өсуден пайда облыстар бойынша тең емес бөлінген болатын және кедейлерге қарағанда кедей еместердің жағдайына оң әсер, сондай-ақ ауыл тұрғындарына қарағанда қала халқына көп әсер етті.

<sup>6</sup> Елдің әртүрлі облыстары бірқатар экологиялық проблемаларды бастан кешуде. Суарылатын және жайылым жерлерінің көлемдері, мысалы, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында, су ресурстарын нашар пайдалану және топырақтың жоғары эрозиясы мен шөлденуіне байланысты үшке азайды. Маңғыстау облысы мен Оңтүстік Қазақстанның жерлері су және жел эрозиясымен туындаған шөлденуден жапа шегуде. Жер асты суларының ластануы Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар облыстары мен Талдықорғанның жағдайына теріс әсер етті. Семей облысының жерлері жоғары радиоактивтіліктен, ал Арал өңірінің жерлері жоғары тұздану мен шөлденуден зардап шегуде.

<sup>7</sup> 10 мыңнан 50 мыңға дейінгі халқы бар шағын қалалар табыстары мен жұмыспен қамтылуы бойынша кәсіпорындардың аздаған санынан экономикалық жағынан тәуелді. 1990 жылдары бұл қалалар жұмыспен қамту деңгейін және денсаулық сақтау, білім беру мен көлік қызмет көрсету сапасын төмендетуде неғұрлым көп қиындықтарға ұшырады. Үкімет осы қалаларды қалпына келтіру стратегиясы ретіндегі Шағын қалаларды дамыту тұжырымдамасын (2020 жыл) әзірледі. Бұл қалаларға инвестицияларды тарту үшін кейбір нақты шаралар қабылданған болатын, ол кедейлік пен жұмыссыздықтың деңгейін кемітуге және халықтың одан әрі көшіп кетуінің алдын алуға көмектесті.

<sup>8</sup> Үкімет белгілеген Дамудың ұзақ мерзімді шеңбері Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында айқындалған, онда ұзақ мерзімді болашаққа басымдықтардың бірі "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы және әл-ауқаты" болып табылады. Орта мерзімді стратегияның егжей-тегжейі Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамудың стратегиялық жоспары және 2015 жылға дейінгі индустриялық саясат құжаттарында талқыланады. Сондай-ақ Кедейлікті кезең-кезеңмен азайту жоспары әзірленді және іске асырылуда. Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама жұмыс орындарының жетіспеушілігіне байланысты табыстары бойынша кедейлік проблемасын шешуге бағытталған. Одан кейін негізінен кедейліктің әртүрлі аспектілерінің проблемаларын шешетін болатын Қазақстан Республикасындағы 2003-

2005 жылдарға арналған бағдарламасы жалғасты.

<sup>9</sup> Қазіргі уақытта дайындалып жатқан Мемлекеттік азық-түлік және ауыл шаруашылығы бағдарламасы мен Ауылды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы ауыл экономикасын қалпына келтіру үшін дамудың негізгі стратегиясын қалыптастырады. 2015 жылға дейінгі индустриялық саясат Қазақстан экономикасының шикізат базасынан әртараптандырылған, ғылыми-бағытты және технологиялық интенсивті өнеркәсіптік экономикаға және қызмет көрсету секторына көшу үшін шеңбер мен стратегияны көздейді.

<sup>10</sup> Үкімет кедейліктің әртүрлі аспектілерінің проблемаларын шешу үшін шамамен 45 салалық бағдарламалар мен іс-қимылдар жоспарларын әзірледі. Денсаулық сақтау мен білім беру секторлары үшін баспа шаралар Мемлекеттік бағдарламада, Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық жоспарында, 2001-2005 жылдарға арналған Қазақстандағы ВИЧ/СПИД эпидемиясына қарсы күрес бағдарламасында және Атаулы әлеуметтік көмек туралы заңда айқындалған болатын.

<sup>11</sup> 2003 жылы мемлекеттік шығыстардың жалпы санынан білім беруге, денсаулық сақтауға, ауыл шаруашылығына, су ортасына және көлікке бюджет шығыстарының үлесі ұлғайды.

<sup>12</sup> Мысалы, әлеуметтік саладағы Дүниежүзілік банктің заемдық және заемдық емес көмегі денсаулық сақтау мен әлеуметтік көмек мәселелерінде, ал АДБ көмегі білім беру мәселелерінде негізгі алынған.

<sup>13</sup> Үкімет экономикалық өсудің жоспарланған кезеңдерін іске асыру үшін уақытша шеңберлер белгіледі. Атап айтқанда, 2003-2005 жылдар ауылды жаңғырту жылдары ретінде жарияланды және Үкімет ауыл шаруашылығы секторындағы қызметті әртараптандыру мен бәсекелестік қабілетін арттыруға негізделетін болады. Сонымен бірге, 2003-2015 жылдарға арналған кезеңге Үкімет агроөнеркәсіптік, өнеркәсіптік секторлар мен қызмет көрсету секторын әртараптандыру арқылы, олардың шикізаттық дамуының қазіргі күнгі деңгейінен бас тарта отырып, тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу үшін индустриялық даму саясатын әзірледі. Жеке сектор әртараптандыратын және жылжытатын экономикалық база негізінде экономиканың қызмет көрсету секторына бағытталған және технологиялық интенсивті үшін жағдайды ұзақ мерзімді болашаққа белгілейтін болады.

<sup>14</sup> Қазіргі уақытта АДБ Жеке сектордың жағдайына бағалау жүргізуді аяқтады, оның барысында кәсіпкерлік қызметі үшін проблемаларды шешуде шектеулер мен кедергілер анықталды және оларды шешуде, жеке сектордың, атап айтқанда, ШОБ кәсіпорындары арқылы неғұрлым кеңейтілген қатысуы үшін күн тәртібі қойылды.

**А қосымшасы. Мың жылдық қарсаңындағы дамудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі Қазақстан Республикасының мәртебесі <sup>1</sup>**

1-мақсат: Өте кедейлікті және аштықты жою

1-міндет: 1996 жылдан бастап 2015 жыл аралығында күнкөріс минимумынан төмен тұратын халықтың сандық қатынасын екі есеге төмендету <sup>3</sup>

2-міндет: 1997 және 2015 жылдар аралығындағы дұрыс тамақтанбаудан зиян шегетін адамдар санын екі есеге төмендету.

Нақты анықталған күнкөріс минимумын пайдалана отырып, 1996-1998 жылдарда кедейлік деңгейі орта есеппен 4,4 %-ке өсті. Ол 1998 жылы ең жоғарғы нүктеге жетіп, 39%-ті құрады. 1998 жылдан бастап 2001 жыл аралығында кедейлік 10%-ке азайды. 2001 жылы кедейлік деңгей 28,4%-ті құрады. Кедейлік деңгей; облыстар бөлігінде әртүрлі және ауылдық жерлерде жоғары. Джини коэффициентімен өлшенетін табыстардың тең еместігі 1996 жылы 0.319-дан 2001 жылы 0,348-ге дейін өсті.

2-мақсат: Әмбебап бастауыш білім беруді енгізу

3-міндет: 2015 жылға дейінгі кезеңде барлық балалар үшін, ер балалар мен қыз балалар үшін тең деңгейде бастауыш мектептің толық оқу курсы аяқтауға мүмкіндік беру.

Бастауыш білімі бар балалардың сандық қатынасы бойынша нақты деректер бүкіл жерде бірдей және 1991 жылдан бастап 1998 жыл аралығында орта есеппен 99,3%-ті құрады. Орта мектепті бітірген, бастауыш білім беру буынын қосқандағы балаларға қатысты деректер аз төмен, 1991-1999 ж. аралығында сандық қатынас 94,2%-ті құрады. Үкіметтің міндеттері болып осы қол жетімділікті бұрынғы деңгейде қолдау және әсіресе ауылдық жерлердегі бастауыш және орта буындағы білім беру қызметтерінің сапасы мен қол жетімділігін жоғарлату болып табылады. Шешімді талап ететін басқа мәселе 1990 жылдары байқалған мектепке дейінгі мекемелер саны мен балабақшалар мен күндізгі балабақшаларға баратын мектепке дейінгі жастағы балалар санының төмендеу үрдісін тежеу.

3-мақсат: Гендерлік теңдікті белгілеу және үлкен өкілеттіктер ұсынуға ықпал ету

4-міндет: Шамамен 2005 жылға дейінгі бастауыш және орта білімге қатысты сондай-ақ 2015 жылда кешіктірмей білім берудің барлық деңгейде гендерлік теңсіздікті жою

Ер балалар мен қыз балалар үшін гендерлік топтар жөніндегі жалпы қатынастар бойынша және білім берудің түрлі деңгейлері бойынша нақты цифрлар білімге деген тең қол жетімділік туралы айтады. Алайда білімді аяқтау бойынша және еңбек рыногында гендерлық теңсіздік жағдайлары туындайды. Әйелдер негізінде экономиканың төмен төленетін секторларында ықпалдасады, оларға жұмыс табу қиынға түседі, олар осындай жұмысты орындайтын олардың еркектеріне

қарағанда ең аз жалақы алады.

4-мақсат: Балалар өлімін азайту

5-міндет: 1990 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім деңгейін екіден үшке төмендету

5 жасқа дейін жастағы балалар өлімі бойынша ресми деректерге сәйкес 1991 жылы 1000 тірі туылғанға 35 жағдайдан 2001 жылы 1000 тірі туылғанға 22,8 жағдайға дейін төмендеу барысы байқалып отыр. Сондай-ақ сәбилердің шетінеу деңгейі (СШД) (1 жасқа дейінгі жастағы бойынша 1991 жылы 1000 тірі туылғанға 27,4 жағдайдан 2001 жылы 1000 тірі туылғанға 19,4 жағдайға дейінгі төмендеу үрдісі байқалды. Алайда демография және денсаулық жағдайы жөніндегі зерттеулер ұсынған деректерден ерекшелігі бар, онда ресми статистикаға қарағанда екі есе жоғары және зерттелген үрдістерге сәйкес 1989-1994 жылдарда СШ 49,7 жағдайда 1994-1999 жылдарда СШ жағдайы 61,9-ға дейін артты. Балалар өлімінің негізгі себептері - перенатальдық патология, дамудың туа біткен патологиясы, респираторлық жұқпалы ауру, диарея және босану алдындағы нашар жағдайлар, осы себептердің барлығы алғашқы

медициналық көмек қызметіне мүмкіндіктің жоқтығынан болып отыр.

Осы қызметтерге қол жеткізу аз қамтылған отбасылардың және ауылдық жерлерде тұратын отбасылардың сәбилері мен балалары үшін қиындық туғызып отыр, сондай-ақ облыстар бөлігінде

деректердің ерекшелігі бар.

5-мақсат: Ана денсаулығының жағдайын жақсарту

6-міндет: 1990 жылдан жылға дейін ана өлімінің деңгейін төрттен үшке төмендету

Әртүрлі көздер аналардың өлімі бойынша бастап 2015 әртүрлі деректер береді. Денсаулық министрлігінің деректері бойынша аналар өлімі жағдайының саны 1998 жылы 100 000 тірі туылғанға 77,5-тен 2001 жылы 48,6-ға дейін төмендеді. Сондай-ақ Юнесев деректері осы жылдар аралығындағы төмендеу ахуалын көрсетеді, бірақ барынша жоғары сандар келтіріп отыр (1998 жылы 100 000 тірі туылғанға 79,1-ден 2000 жылы 61,6-ға дейін) алайда кейбір қауыпты жағдайлар байқалып отыр. Аналар өлімінің төрттен бірге жуығы 21-ден 24-ке дейінгі жастағы жас аналардың арасында байқалып отыр. Аналар өлімінің 24,7% жуығы жүктілік пен босану кезіндегі асқыну нәтижелерінен пайда болады. 36% жуық әйелдер қан аздықтан зардап шегеді. Бұл үрдістер оларды туындататын мынадай факторлар қатарын қамтиды: (і) денсаулық сақтау құрылысының саны төмендеді (мысалы, 1994 жылы 4980 фельдшерлі акушерлік пунктардан бастап 2002 ж. - 4270 дейін (Қазақстандағы ауылдарды дамыту, Адамзаттық даму туралы есеп (2002 ж.); туу кезіндегі көмектің сапасы әсіресе ауылдық жерлерде нашарлады (үкіметтің 19% респонденттері мен Дүниежүзілік

Банкінің ұсынатын қызметтері бойынша зерттеулер (2002) айтқандай, денсаулық қызметтерінің сапасы жақсы); (ii) осы қызметтерге қол жеткізу сенімді көлік қызметтерінің қалыс қалуымен күрделенеді (мысалы, үй шаруашылығының бюджеті жөніндегі зерттеулерге қатысатын 31% аурулардың айтуынша жақын жердегі жеңіл жәрдем пунктіне бару үшін оларға 4 км жүру керек); және (iii) медициналық қызмет көрсетуге қол жетімділік төмендеді, үй шаруашылығының бюджетін зерттеу бойынша ауылдық респондентердің жартысынан көбі өз-өзін емдеумен айналысады; ал жедел жәрдем орталығының кеңесіне жүгінетіндер саны төмендеді.

6-мақсат: ВИЧ/СПИД, малярия және өзге де аурулармен күрес

7-міндет: 2015 жылға қарай ВИЧ жағдайының аздаған саны байқалсада, ВИЧ/СПИД ауру олардың деңгейі айтарлықтай жоғары. жағдайының таралуын тыю 2002 жылғы 735 жағдай және 1997 жылғы және азайту үрдісін бастау 430 жағдаймен салыстырғанда 2003 жылғы 1 қаңтарға 3257 ВИЧ жағдайы тіркелді. Алайда жағдайлардың есептік саны көпке жоғары - 23000 (БҰҰ (2002), қазақстандағы МДМ).

8-міндет: 2015 жылға қарай Соңғы 10 жылда туберкулезбен малярий және өзге де ауружағдайының саны екі есеге, 1994 негізгі аурулар мен ауру жылы 64,4-тен 2002 жылы 100 000 жағдайының таралуын тыю жағдайдан 165,1 дейін өсті. және азайту үрдісін бастау

7-мақсат: Қоршаған ортаның тұрақты жай-күйін қамтамасыз ету

9-міндет: Мемлекеттік Үкімет табиғи ресурстарды ұтымды саясат және бағдарламаға пайдалану және басқару үшін заңдық тұрақты даму принциптерін және саяси шеңберлер белгіледі. ықпалдастыру және табиғи Тұрақты дамыту принциптеріне дамудың ресурстарды ұтымсыз ұзақ мерзімді бағдарламалары (2030 пайдалануға қатысты жылға дейін Қазақстанның Даму үрдістерді өзгерту стратегиясы және 2010 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының



стратегиялық жоспары және Қазақстан Республикасындағы 2003-2005 жылдарға арналған кедейлікті төмендету жөніндегі бағдарламасы сияқты дамудың басты қысқа мерзімді бағдарламалардың негізіне қойылған. Экономикалық және әлеуметтік жоспарда көп шығындарда көрініс табатын шешімдер мен экологиялық проблемалар талап етеді. Іс жүзіндегі және перспективалы экономикалық шығындар бойынша есеп Жалпы ішкі өнімнің (Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы үшін іс-әрекеттің ұлттық экологиялық жоспары) 20-30% құрауы мүмкін және өлімнің бестен бір жағдайы нашар экологиялық жағдайдан туады (2030

Қазақстан есеп).

10-міндет: 2015 жылға дейін қауіпсіз ішетін суға тұрақты қол жетімділігі жоқ халықтың сандық қатынасын екі есеге төмендету

Қауіпсіз ішетін суға тұрақты қол жетімділік әсіресе ауылдық жерлерде шешім талап ететін басты проблема болып қалады. 2001 жылы 27% ауылдың үй шаруашылықтары ішетін суға қол жеткізе алмаған және миллионға жуық ауыл тұрғындары шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікке және ішу үшін өзендер мен тоғандардың тазартылмаған суын пайдаланған. Қала орталықтарында 14% қалалық үй шаруашылықтары қауіпсіз

ішетін суға қол жеткізе алмаған.

11-міндет: 2020 жылға дейін қалың тоғайларда тұратын ең аз дегенде 100 млн. өмір сүру жағдайын жақсарту

"Қазақстанның айрықша ерекшелігі Кәсіпорын қалаларының" болуы болып табылады. Бұл қалалардағы бір немесе екі өндірістен тәуелді жұмыс күші соңғы он жылдықтағы осы кәсіпорындардың тарау салдарынан жұмыс күшінің төрт бөлігі жұмыссыз немесе жартылай жұмыспен қамтамасыз етілген. АДБ зерттеуінде (кәсіпорын қалаларды зерттеу) осы қалалар халқының саны

көшіп кетуге байланысты тез азайғаны анықталды; қалғандарының көпшілігі қаладан кеткісі келеді, бірақ оған қаладан кету үшін қаржыландыруға қаражаты жоқ. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, сондай-ақ негізгі әлеуметтік қызмет көрсетулерге қамтамасыз ету мен қол жеткізушілік өте күрделі

---

<sup>1</sup> Қазақстан Үкіметі Мыңжылдық табалдырығындағы даму саласында БҰҰ мақсатының "МДМ" көпшілігін қабылдады, өйткені бұл мақсаттар мен міндеттер Кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламаларға енгізілген. МДМ 8 бүкіл дүниежүзілік мақсаттар кешенін қамтиды (1990-2005 жылдар аралығындағы қол жеткізілуі қажет 18 міндеттер мен 48 индикаторларды қамтиды), оған қатысты уағдаластыққа 2000 жылғы 5-8 қыркүйекте өткен біріккен ұлттар ұйымының мыңжылдық саммитінде мемлекеттер басшыларының арасында қол ж е т к і з і л д і

<sup>2</sup> БДБҰҰ есебі: "Қазақстандағы мыңжылдық табалдырығындағы даму мақсаттары мен м і н д е т т е р і "

<sup>3</sup> Кедейлік деңгейі тұтыну және тұтыну емес өнімдері себетінің құнына негізделген тұтыну себетінің ең аз мөлшері мәніне тең, Үкімет белгілеген күнкөріс мөлшерінің ең аз мөлшерімен негізделеді. Осы себет бірлігінің құрамы статистика жөніндегі ұлттық агенттік жыл сайын жүргізетін үй шаруашылығының зерттеу деректеріне негізделген. ҚР Статистика жөніндегі агенттік күнкөрістің ең аз мөлшерін тоқсан сайын және облыстар бойынша бөлікте есептейді. 2001 жылы күнкөріс деңгейінің ең аз мөлшері бір адамға бір айда 4590 теңге құрады. Үкімет күнкөріс деңгейімен кедейлік шегі түсініктерін әртараптандырады, соңғысы заңмен реттеледі, жыл сайын Парламент күнкөрістің ең аз деңгейінен кесімді проценттік ставка ретінде айқындайды. Кедейлік шегі әлеуметтік көмек көрсету үшін пайдаланылады. 2001 жылы кедейлік шегі күнкөрісінің 38% құрады немесе бір адамға 1781 теңге құрады.

**Мыңжылдық табалдырығындағы даму саласындағы БҰҰ мақсаттары және Азия Даму Банкімен кедейлік жөніндегі әріптестік туралы келісім бойынша кедейлік деңгейін азайту жөніндегі Қазақстан Республикасының мақсаттары, міндеттері және міндеттемелері**

мақсаттары (2015 жылға дейін) Мақсаты (М)/міндет	және КӘК бойынша міндеттер (Қазақстан Республикасы және АДБ)		
	Мақсаты	Ұзақ мерзімді міндеттер	Қысқа мерзімді міндеттер
	(2003-2015 ж.) <sup>1</sup>		(2003-2015 ж.)

1-м. аштықты	Өте жою	кедейлік	пен	Табыс деңгейіне
- Күнкөріс мөлшерінен төмен тұратын халықтың сандық қатынасын екі есеге төмендету;	ең аз	бағынысты кедейлікті азайту жолымен қазақстан халқының тұрмыс деңгейін жақсарту	- Күнкөріс деңгейінен табысы төмен деңгейдегі халықтың сандық қатынасын 2001 жылы 28,4% бастап 2005 жылға 20% төмендету;	- Күнкөріс деңгейінен табысы төмен деңгейдегі халықтың сандық қатынасын 2001 жылы 28,4% бастап 2005 жылға 20% төмендету;
- Табысы азық-түлік себетінен төмен адамдардың санын 1997 мен 2015 жылдар аралығында екі есеге азайту		тұрмыс деңгейін жақсарту	- Табысы азық-түлік себетінің төмен адамдар санын жою қатынасын 2005 жылға 5% - ке дейін төмендету	- Табысы азық-түлік себетінің төмен халықтың сандық қатынасын 2005 жылға 5% - ке дейін төмендету
2-м. Жаппай білімді енгізу	бастауыш	Табыс деңгейіне	- Жалпы орта білімге	- Бастауыш мектепте
- ер балалар мен қыз балалар үшін тең дәрежедегі бастауыш мектептің курсы барлық үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету	ер балалар мен қыз балалар үшін тең дәрежедегі бастауыш мектептің курсы барлық үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету	бағынысты кедейлікті азайту жолымен қазақстан халқының тұрмыс деңгейін жақсарту сапасын қолдау	балаларды толық қамтуды қамтамасыз ету; сапасын арттыру	балаларды жаппай қамту мен білім сапасын арттыру және балалар үшін бастауыш және орта білімнің

3 - м .  
теңдікті  
және  
өкілеттік  
ықпал

Гендерлік  
белгілеу  
әйелдерге  
ұсынуға

жасау

2

- Бастауыш және  
орта білімге  
қатысты, сондай-  
ақ 2015 жылдан  
кешіктірмей  
білім берудің  
барлық деңгейінде  
гендерлік  
теңсіздікті жою

- Қолданады

- Қолданады  
білім беруге,  
әсіресе ауылдық  
жерлердегі  
білім беруге  
жергілікті  
мемлекеттік  
бюджеттерінің  
қаражатын  
тиімді  
пайдалану және  
бөлу  
жоғарлатуға  
арналған  
техникалық  
көмек орталық.

тандырылады

4-м. Балалар өлімін  
азайту

- 5 жасқа дейінгі  
жастағы балалар  
арасындағы өлім  
деңгейін үштен  
екіге төмендету

- сәбилердің  
шетінеуін 2002  
жылмен  
салыстырғанда  
15% төмендету

- сәбилер  
өлімін 2001 жылы  
1000 тірі  
туылғанға 19,4  
жағдайдан 2005  
жылға 18,6  
жағдайға дейін

азайту

5 - м .  
денсаулығын

- Аналар өлімінің  
деңгейін төрттен  
үшке төмендету

Аналардың  
жақсарту

- Ана өлімін  
50% төмендету

- 2002 жылы  
100000-ға 66,4  
жағдайдағы  
аналар өлімін  
2005 жылға  
қарай 50,6

азайту

6 - м .	В И Ч / С П И Д ,	
м а л ь я р и я	ж әне	б а с қ а
д а	а у р у л а р ғ а	қ а р с ы
к ү р е с		
- 2015 жылға қарай ВИЧ/СПИД ауруының таралуын тоқтату және ауру жағдайларын азайту үрдестерін бастау	- 2015 жылға қарай ВИЧ/СПИД ауруының таралуын тоқтату және ауру жағдай. ларын азайту үрдестерін бастау	- ВИЧ/СПИД таралуын болдырмау және ауру жағдай. ларын азайту бастау жөніндегі жұмыстарды

жалғастыру

- 2015 жылға қарай туберкулез (ТБ) ауруының таралуын тоқтату және ауру жағдайларын азайту үрдістерін бастау	- 2015 жылға қарай туберкулез ауруының (ТБ) таралуын тоқтату және ТБ ауру жағдайларын үш есеге азайтуды қамтамасыз ету	- 2002 жылы 1000 000 адамға 170,7 жағдайдағы туберкулез ауруының 2005 жылға қарай 160,0 жағдайға дейін таралуына жол бермеу жөніндегі жұмысты
--	--	---

жалғастыру

7 - м .	Қ о р ш а ғ а н	о р т а н ы н
т ұ р а қ т ы	ж а й - к ү й і н	
қамтамасыз ету		
- Мемлекеттік саясат пен бағдарламаның тұрақты даму принциптерін біріктеру және табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалануға қатысты үрдістерді	- табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалануды болдырмау үшін ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік	- табиғи ресурстарды тұтымсыз пайдалануды болдырмау үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік

өзгерту;  
- 2015 жылға дейін  
қауіпсіз ішетін  
суға тұрақты қол  
жетімділігі бар  
халықтың сандық  
қатынасын екі

саясат жүргізу саясат жүргізу  
- бүкіл халық  
үшін ішетін  
таза суға  
толық қол  
жетімділікті  
қамтамасыз ету  
а з а й т у

е с е г е

---

<sup>1</sup> Көрсеткіш кейінгі жыл ағымындағы есепті деректер бойынша нақтыланады.

<sup>2</sup> Білім берудің барлық деңгейіндегі гендерлік теңсіздік Қазақстанда нарықтық экономикаға көшуге дейін қамтамасыз етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК